



# Кәсіпкерлерге кешенді банктік қызмет көрсетуге қосылу ШАРТЫ

Осы Кәсіпкерлерге кешенді банктік қызмет көрсетуге қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) «Kaspi Bank» АҚ-тың (бұдан әрі – Kaspi) және жеке тұлғаның (бұдан әрі – Клиент) арасында жасалатын шарт болып табылады, оның талаптары стандарт нысандарда айқындалған және оларды Клиент ұсынылған Шартқа толығымен қосылу арқылы қабылдай алады.

## 1. Мақсаты және реттеу саласы

Шарт Клиенттердің құқықтарының қорғалу деңгейін арттыру, шарттардың талаптарын жақсарту, Kaspi-мен және оның серіктестерімен өзара әрекет еткен кезде жаңа технологияларды қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету және Клиенттерге қашықтан қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының қайтадан енгізілген талаптарына сәйкестендіру мақсатында әзірленді.

## 2. Шарттың жалпы талаптары

2.1. Егер мәтінде өзгеше тікелей көрсетілмесе, терминдердің, анықтамалар мен қысқарған сөздердің мынадай мағынасы бар:

- 1) **Авторландыру** – Картаны пайдаланып төлем жасауға Kaspi-дің рұқсаты. Авторландыру электрондық құрылғыларды пайдаланып, автоматтандырылған режимде немесе телефон байланысын пайдаланып, дыбыстық режимде (бұдан әрі – Дыбыстық авторландыру) жүзеге асырылады;
- 2) **Іске қосу** – Клиенттің Картаны пайдаланып шығыс Операцияларын жүргізуіне Карта шығарылған кезде белгіленген техникалық шектеуді жою рәсімі, ол Төлем лимитіне немесе қандай да бір басқа талаптарға қарамастан, Kaspi ұсынатын кез келген тәсілмен авторландыруды беруден бас тартуды көздейді;
- 3) **Банк күні** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, Астана қ. уақытымен сағат 9.00-ден 19.00-ге дейінгі күнделікті уақыт кезеңі;
- 4) **Банктік қызмет көрсету** – осы Шартқа сәйкес Kaspi-дің көрсететін банктік қызметі;
- 5) **Банкомат** – Клиентке қолма-қол ақша алуға және Kaspi-дің басқа қызметтерін пайдалануға мүмкіндік беретін электрондық-механикалық құрылғы;
- 6) **Бұғаттау** – Картаны пайдаланып төлем жасауға толық немесе уақытша тыйым салу;
- 7) **Қайтарылатын төлем** – Kaspi-ге жазбаша шағым және т.с.с. беру арқылы Клиенттің Картаны пайдаланып жүргізген шығыс Операциясына наразылығын білдіруі және Клиенттің шағымының негізділігін Kaspi-дің мойындауы салдарынан Картаға қызмет көрсету шотына аударылған ақша
- 8) **Ұстаушы/Клиент** – Шарттың талаптарына сәйкес Картаны пайдалануға құқығы бар жеке тұлға;
- 9) **Импринтер** – Слипте Картаның оң жағының бедерін алуға мүмкіндік беретін механикалық құрылғы;
- 10) **Байланыс арнасы** – Клиент пен Kaspi-дің арасында ақпаратты беру құралдарының бірі: Kaspi-дің айқындайтын талаптарында және тәртібімен пайдаланылатын электрондық пошта (e-mail), пошталық байланыс, интернет-банкинг, ұялы банкинг, телебанкинг, USSD/SMS-хабар, телефон, факс, банкомат, POS-терминал, терминал, Жеке кабинет, Мобильді қосымша (оның ішінде Push-хабарлама арқылы), интернет-киоск, интернет-бөлімше, әлеуметтік желідегі Клиенттің парақшасындағы хабар, Kaspi-дің әлеуметтік желідегі ресми парақшасындағы хабар;
- 11) **Төлем карточкасы немесе Карта** – электрондық төлем құралы, онда оны ұстаушыға электрондық терминалдар арқылы немесе басқа Байланыс арналары арқылы төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жасауға не қолма-қол ақша алуға, не валюта айырбастауға, Kaspi айқындаған және оның талаптарында Несие лимитінің аясында Несиелер алуға және төлеуге мүмкін беретін ақпарат қамтылған. Несие желісі Қарыз алушыға ХТЖ бірінің және/немесе ТКЖ-нің Төлем карточкасы бойынша беріледі, Төлем карточкасын Kaspi оның деректемелері туралы ақпаратты, оның ішінде Жеке кабинетте QR-код түрінде және/немесе өзге Байланыс арналарымен беріп, электрондық түрде шығарады;
- 12) **Кіру коды** – Клиент Kaspi-ге хабарласқан кезде Байланыс арнасы арқылы Клиентті сәйкестендіру мақсатында айтылатын Клиенттің ақпаратына кірудің жеке цифрлық коды және/немесе әріптік коды;
- 13) **ДСЖК** – Электрондық банктік қызмет көрсеткен кезде Клиентке Байланыс арнасы арқылы хабарланатын динамикалық сәйкестендіру жүйесінің коды;
- 14) **Жеке кабинет** – Клиентті сәйкестендірген және аутентификациялаған кезде, Kaspi.kz немесе Мобильді қосымша арқылы кіруге болатын ақпараттық кеңістік, ол Kaspi айқындаған электрондық банктік қызметтерді Клиентке көрсетуге және шарттарда көзделген өзге мақсатқа арналған;
- 15) **Жеңілдік кезеңі (немесе грейс-кезең)** – шарттарда көзделген комиссиялар есептелмейтін және ұсталмайтын не кейбір қызмет ақысын төлеуге жеңілдік берілетін немесе шарттардың талаптарын өзге жеке

уақытша жақсартулар берілетін уақыт кезеңі, оның ішінде Kaspi айқындайтын грейс-кезең. Жеңілдік кезеңі бір немесе бірнеше адамға, бір немесе бірнеше Операцияға қатысты Kaspi анықтайтын уақыт аралығында қолданылуы мүмкін. Жеңілдік кезеңін беру талаптары тиісті ақпаратты Сайтта жариялау арқылы және/немесе Байланыс арналарының біреуімен хабарлама жолдау арқылы хабарланады;

16) **ХТЖ** – MasterCard WorldWide/ Visa International / American Express Card / JCB / Diners Club / China UnionPay / PPS PayPal халықаралық төлем жүйелері, Kaspi-дің төлем жүйесі және басқалары – бір-бірімен белгілі бір ережелермен біріккен және төлем карталарының технологияларын пайдалану негізінде өзара қарым-қатынас орнататын есеп айырысуға қатысушылардың және олардың есеп айырысу агенттерінің жүйесі. ХТЖ жұмыс істеу ережелерін белгілейді және өз қатысушыларына ақпараттық қолдау көрсетеді;

17) **Мультивалюталық қызмет көрсету** – Клиенттің Шоттары бойынша Байланыс арнасы арқылы аударыммен, валюта айырбастаумен байланысты Операцияларды жүргізу мүмкіндігін және Kaspi айқындаған және Сайтта жарияланған талаптарда басқа да әрекеттерді көздейтін банктік қызметтер кешені;

18) **Операция** – қолма-қол ақша алу, шоттарға ақша салу, валюта айырбастау, тауарлар мен қызмет көрсету ақысын төлеу және Шот-көшірмеде көрсетілетін басқа да операциялар;

19) **Дербес талаптар** – жеке талаптар және жеңілдік кезеңін/промо-кезеңді беруден көрінетін Kaspi қызметтерін ұсыну туралы ақпарат және/немесе шартты жасасқан сәтте айқындалған талаптарды жақсартуға бағытталған, Kaspi айқындаған қызмет көрсетудің өзге параметрлері;

20) **ДСН-коды немесе PIN** – автоматтандырылған режимде авторландырған кезде Клиентті сәйкестендіру үшін пайдаланылатын дербес сәйкестендіру нөмірі, жеке цифрлық код;

21) **Төлем лимиті** – ақша сомасы, оның шегінде Ұстаушының Картаны пайдаланып, шығыс Операцияларын жүргізуге құқығы бар. Оған теңгедегі Шоттардағы ақшаның оң қалдығы мен шоттарда әлі көрсетілмеген Операциялар сомасын шегеріп тастағанда несие лимиттерінің Қолжетімді қалдықтары кіреді;

22) **Промо-кезең** – банктік қызмет көрсету және/немесе сервис-пакет шарттарының қолданылу мерзіміне қарамастан, банктік қызмет көрсетудің және/немесе сервис-пакеттің кейбір қызметтері тегін негізде ұсынылатын уақыт кезеңі;

23) **Сайт** – [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz), [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) мекенжайындағы интернет-ресурс немесе Банктің ресми интернет-ресурсы ретінде [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) сайтында сілтеме жасалған өзге интернет-ресурс;

24) **Слип** – Дыбыстық авторландыру режимінде Карта бойынша операцияны жүргізген кезде эквайер-банктің немесе сауда/сервис орнының қағаз тасымалдағыштағы Импринтердің көмегімен жасалатын төлем құжаты;

25) **СМС-сервис** – Шотқа қызмет көрсету бойынша қызмет, оның аясында Картаны пайдаланып, Шот бойынша Операция жүргізу туралы мәліметтер беріледі;

26) **Стоп-парақ** – жоғалған, ұрланған және бұғатталған Карталардың нөмірлерінің тізімі;

27) **Шот** – Шарт бойынша Клиентке ашылатын ағымдағы банктік шоттар, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген Операцияларды орындау үшін олардың біріне Карта арқылы қол жеткізіледі;

28) **Шот-көшірме** – Клиенттің сұратуымен жүргізілетін және Шот бойынша жүргізілген Операциялар көрсетілетін Шот бойынша үзінді көшірме;

29) **Тариф/Тарифтер** – Карта және Шот бойынша Операциялармен байланысты Сайтта көрсетілген Kaspi тарифтері;

30) **Тарифтік жоспар** – Шарт бойынша қызмет көрсетудің кейбір талаптары мен кейбір тарифтері кіретін банктік қызметтердің типтік түрінің шартты атауы;

31) **Терминал** – Банкомат, электрондық терминал, ресайклер (ақшаны қабылдау және беру функциясы бар құрылғы), автоматтандырылған кассалар және қолма-қол ақша қабылдау және (немесе) беру, төлем жасау және ақша аудару бойынша операцияларды, айырбастау операцияларын және басқа да банктік операцияларды, оның ішінде төлем карталарын (алдын ала төленген карточкаларды), электрондық ақшаны пайдаланып операциялар жүргізуге, сондай-ақ тиісті операциялардың өткізілгенін растайтын құжаттарды жасауға арналған өзге электрондық-механикалық құрылғылар;

32) **Техникалық овердрафт немесе Овердрафт** – Клиенттің Шоттағы меншікті ақшасының қалдығынан тыс немесе белгіленген лимиттен тыс жұмсалған ақша сомасы (Лимиттен тыс берешек). Kaspi көрсеткен қызметтерінің құнын алған кезде де Техникалық овердрафт пайда болуы мүмкін;

33) **Kaspi-дің Экожүйесі** – Kaspi-дің сервистерінің, өнімдері мен инфрақұрылымының жиынтығы (бөлек немесе жиынтығында), оның ішінде шоттарды ашу, төлемдер мен аударымдар жасау, бөлімшелер, кассалар, Терминалдар, банкоматтар, өзге жабдық, Kaspi.kz сайты, Kaspi.kz мобильді қосымшасы және өзге бағдарламалық қамсыздандыру, Kaspi-дің төлем карталары, Call Center-де қызмет көрсету және электрондық ақпараттық және транзакциялық қызмет көрсетуді қосқанда, Шарт бойынша қызмет көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ететін өзге құралдар;

34) **ТКЖ** (Kaspi-дің төлем карталарының жүйесі) – төлем карточкаларын пайдаланып, төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жасауды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар, құжаттама мен ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жиынтығы;

35) **QR код** – Kaspi-дің, Серіктестердің қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, Серіктесті, Клиентті, тауар (жұмыс, қызмет) туралы деректерді, Картаның деректемелерін сәйкестендіруге, сондай-ақ Kaspi қабылдайтын, машина оқитын көрнекі штрих кодтарды пайдаланып жүргізілетін Операцияға нұсқау беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Операцияларды жүргізу, электрондық ақпараттық және транзакциялық банктік қызметтерді көрсету технологиясы.

2.2. Шартты жасасқанда және орындағанда пайдаланылатын өзге терминдер мен анықтамалардың ХТЖ ережесінде, баспасөзде орналастырылған Стандарт ережелерде, ЭБҚК ережесінде, Сайтта орналастырылған ақпараттық банктік қызметтерге арналған жария шарттың талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған мағынасы бар.

2.3. Клиенттермен қарым-қатынас (оның ішінде Байланыс арналары арқылы) орнату, банктік қызмет көрсету талаптарын түсіндіру, ұсынылған, оның ішінде Клиент Шартқа қосылған күнге дейін ұсынылған Жеке талаптарды түсіндіру мақсатында 1.1-тармақта жазылған терминдердің мағынасына Сайтта орналастырылған ақпараттық банктік қызметтерге арналған жария шарттың талаптарында көзделген анықтамалар пайдаланылуы мүмкін.

### 3. Шарттың мәні

3.1. Kaspi электрондық немесе өзге түрде Картаны шығарады, оны Клиентке беріп, оған Қызмет көрсетеді, оны Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен тауарлардың/қызмет көрсетулердің ақысын төлеу немесе қолма-қол ақша алу үшін кәсіпкерлік мақсатта және Kaspi-мен жасалған тиісті шарттардың талаптарында анықталған тәртіппен өзге мақсаттар үшін пайдаланады және Kaspi Шартта көзделген банктік қызметтерді көрсетеді, Kaspi Экожүйесінің жұмыс істеуін және оған қолжетімділікті қамтамасыз етеді, Клиенттің Шотын ашады, оған қызмет көрсетеді және жабады, ал Клиент Шарт бойынша қызмет ақысын төлейді.

Егер Жеке несие шартының аясында Клиентке Kaspi-де Шот ашылып, Карта шығарылса, олар кәсіпкерлік мақсатта Несие беру және оны өтеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Kaspi өзінің қалауы бойынша жаңа Шот ашуға және/немесе Шарт бойынша жаңа Карта шығаруға құқылы.

3.2. Шартқа сәйкес Картаға қызмет көрсету аясында Клиентке Сайтта орналастырылған тиісті Шартта көзделген электрондық банктік қызметтер көрсетіледі және Kaspi-дің Экожүйесінің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

3.3. Шоттар бойынша операциялар Шартта көзделген тәртіппен, ал операцияларды [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсының көмегімен жүргізген кезде де [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) интернет-ресурсындағы Банктік қызмет көрсету шартында және [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) және [www.kaspibank.kz](http://www.kaspibank.kz) сайттарында орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелерінде (бұдан әрі – ЭБҚК ережесі) белгіленген талаптарда жүргізіледі.

3.4. Клиент Kaspi-дің қызмет ақысын операцияларды жүргізген кезде Тарифтерге және/немесе Дербес талаптарға сай қолма-қол ақшасыз тәртіппен, қолма-қол ақшамен, Клиенттің шоттарын тікелей дебеттеу арқылы және/немесе операциялар жүргізген кезде Клиенттің шотынан немесе Клиенттің Kaspi-дегі немесе басқа банкердегі кез келген өзге банктік шотынан ақшаны төлем ордерін және/немесе төлем талабын пайдаланып, акцептсіз тәртіппен алу не болмаса ақшаны қамсыздандыру жарнасына салу арқылы төлейді.

3.5. Шартқа қосылу Клиенттің өзі қол қойған қағаз тасымалдаушыдағы немесе Байланыс арналары арқылы электрондық түрдегі Өтінішті беруі арқылы жүзеге асырылады. Өтініш Kaspi белгілеген нысан бойынша толтырылады және Шартқа сай акцепттеледі. Шарт Шартқа қосылу туралы талаптар жазылған шартқа қол қою арқылы жасалуы мүмкін. Клиентке ағымдағы шот ашу, жеке сәйкестендіру кодын хабарлау және Шартқа сәйкес төлем картасын шығару арқылы Өтініш акцепттеледі.

3.6. Осы Шартта аталған өзге қызметтерге қатысты Kaspi осындай қызметтерді көрсету туралы тиісті өтінішті (өтініштерді) қабылдаған немесе Клиент Шарт бойынша осы қызметтерді көрсетуге келісім бергенін білдіретін әрекеттерді жасаған сәттен бастап Шарт жасалған болып саналады.

### 4. Картаны беру және төлем жасау талаптары

4.1. Карта Клиентке Картаны пайдалану ережесінде көрсетілген тәсілдермен беріледі.

4.2. Негізгі Картаның ұстаушысы Шоттың иесі болып табылады.

4.3. Kaspi бір Шот бойынша бірнеше қосымша Карта беруге құқылы. Клиенттерге ТҚЖ және/немесе Kaspi.kz төлем жүйесінің Картасы қосымша құжаттарды берусіз шығарылады. Клиенттің Kaspi.kz-те және (немесе) Терминалдарда Операцияларды жүргізуі және (немесе) Kaspi.kz-ке тіркелуі ТҚЖ және/немесе Kaspi.kz төлем жүйесінің Картасын шығаруға негіз болады. Өзге жағдайларда Карта Kaspi-дің қалауы бойынша шығарылуы мүмкін.

ХТЖ Карталары Операцияларды жасаған кезде осындай Карталарды және олардың деректемелерін (Kaspi сондай мүмкіндік берген кезде) тікелей қолданған кезде, сондай-ақ операцияларды ТҚЖ-ны пайдаланып жүргізу мүмкін болмайтын жағдайларда пайдаланылады.

4.4. Карталарды пайдалану және Клиенттерге берілген тиісті өкілеттіктерінің көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, тиісті ХТЖ және/немесе ТҚЖ нормаларымен, Шартпен және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Карталарды пайдалану ережесімен (Шарттың № 1 қосымшасы) реттеледі.

4.5. Карта немесе оның нөмірі де Kaspi мен үшінші тұлғалардың бірлескен бағдарламаларының (адалдық бағдарламаларының, бонустық және өзге бағдарламаларының) аясында, оның ішінде банктік ақпараттық жүйеде және үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде Kaspi-дің және үшінші тұлғалардың Клиентті сәйкестендіру құралы болып табылады.

4.6. ХТЖ-мен есеп айырысу валютасы – АҚШ доллары не EURO, не қолданылатын ХТЖ ережелеріне сәйкес өзге валюта. ХТЖ есеп айырысу валютасында Операция жүргізген кезде, мұндай Операцияның сомасы Kaspi-дің Шоттан ақшаны есептен шығарылған күні белгілеген есеп айырысу валютасына шаққанда теңгенің айырбастау бағамы бойынша Клиенттің Шотынан акцептсіз тәртіппен алынады.

4.7. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары ХТЖ арқылы ХТЖ есеп айырысу валютасынан өзгеше валютада Операция жүргізген кезде:

4.7.1. Мұндай Операцияның сомасы Kaspi-дің ХТЖ-мен осы Операция бойынша есеп айырысқан күні ХТЖ қолданатын айырбастау бағамы бойынша ХТЖ-ның ережесімен айқындалған есеп айырысу валютасына айырбасталады;

4.7.2. Есеп айырысу валютасындағы Операцияның сомасы Шоттан ақша есептен шығарылған күні Kaspi белгілеген есеп айырысу валютасына шаққанда теңгенің айырбастау бағамы бойынша Клиенттің Шотынан акцептсіз тәртіппен алынады.

4.8. Жүргізу валютасы Қазақстан Республикасының аумағында ХТЖ және/немесе ТКЖ арқылы жүргізілген Операцияның валютасынан өзгеше Шоттан акцептсіз тәртіппен Шоттан ақша есептен шығарылған күні Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес белгіленген валютаның айырбастау бағамы бойынша Операция сомасына балама Шотты жүргізу валютасындағы сома алынады.

4.9. Шартқа қосыла отырып, Клиент Kaspi-ге:

4.9.1. Шарттың талаптарында көзделген мақсатта оның Шотын, оның ішінде Шотқа қате аударылған ақшаны, сондай-ақ Kaspi-дің алдындағы кез келген берешек сомасын тікелей дебеттеуге;

4.9.2. Kaspi-дің алаяқтық операциялар екеніне күмәні болған кезде (үшінші тұлғалардың Картаны не болмаса ДСН-кодын рұқсатсыз пайдалану қаупінің алдын алу үшін) мән-жайды анықтағанға дейін Клиентке хабарламай Картаны бұғаттауға келісім береді. Бұл жағдайда Kaspi өз қалауы бойынша Картаны бұғаттауға құқылы, бірақ міндетті емес;

4.9.3. Өзі туралы дербес деректерді, оның ішінде банк құпиясын, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты байланыс қызметін, сақтандыру қызметін, өзге қызметтерді ұсынатын үшінші тұлғаларға беруге, жинауға, өңдеуге Kaspi-ге өз келісімін береді. Kaspi алған дербес деректер тарап ретінде Клиент пайда алушы немесе мүдделі тұлға болып табылатын шарттарды жасасу және орындау үшін; оларды орындауға мәжбүрлеу немесе берешекті өндіріп алу үшін, клиенттің құқықтары мен міндеттерінің тиісінше іске асырылуын қамтамасыз ету үшін; мәліметтерді анықтау үшін, оның ішінде алаяқтық операцияларға жол бермеу мақсаты үшін; шарттарды орындауға байланысты ақпаратты, үшінші тұлғалардың бірлескен бағдарламаларына (адалдық бағдарламаларына) қатысатын үшінші тұлғалардың мәліметтері мен ақпаратын Клиенттің назарына жеткізу үшін; сақтандыру, пошталық ұйымдарға, байланыс ұйымдарына беру үшін; мерзімі өткізілген берешекті өндіріп алу үшін коллекторлық және басқа ұйымдарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға беру үшін пайдаланылады және пайдаланылуы мүмкін.

4.10. Клиент жол берген Овердрафт тез арада өтелуге тиіс.

4.11. Kaspi-мен жасалған шарттар бойынша берешекті өтеу міндеті туындаған сәттен бастап Шотқа түсетін ақша ағымдағы күнгі берешекті төлеуге жіберіледі.

4.12. Картаға қызмет көрсету шотында Төлем лимиті жеткіліксіз болған жағдайда, Клиентке:

1) тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің, сауда және сервис кәсіпорындарының (ССК), оның ішінде сақтандырушының қызмет ақысын төлеу бойынша шығыс Операцияларын, Картаны (оның деректемелерін) пайдаланып банктік аударымдар жасау;

2) Клиенттің есептелген төлемдерді, комиссияларды және шарттар мен Тарифтерге сай Kaspi-ге тиесілі өзге де төлемдерді төлеуі үшін қажетті мөлшерде Овердрафт беріледі.

4.13. Овердрафтқа жол берілген кезде және Овердрафттың лимиті артық болғанда, Kaspi Тарифтерде немесе Жеке талаптарда белгіленген мөлшерлерде комиссия немесе тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

4.14. Kaspi Овердрафт беруден бас тартуға құқылы.

4.15. Картаның қолданылу мерзімі Байланыс арнасы арқылы хабарланады. Карта Байланыс арнасы арқылы Картаның деректемелерін хабарлаған кезде көрсетілген ай мен жылдың соңғы күніне (қоса алғанда) дейін немесе Байланыс арналарының бірімен хабарланған өзге мерзімге дейін қолданылады. Kaspi картаның қолданылу мерзімінің аяқталатыны туралы Клиентке Kaspi-дің бөлімшелеріне Клиент келген кезде жеке өзіне немесе оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 10 күн бұрын Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірімен хабарлайды. Картаның деректемелері Байланыс арналары арқылы электрондық түрде берілуі мүмкін.

4.16. ДСН-кодын, ЭЦҚ-ны, Кіру кодын немесе ДСЖК-ны енгізгенде расталған, Kaspi анықтаған қорғалған режимде Байланыс арнасы арқылы орындалған, ақшаға иелік ету, төлем нұсқауларын жасау, сауалнама деректерін өзгерту бойынша Клиенттің әрекеттері Клиенттің Kaspi-де жеке өзі жасаған жазбаша өкіміне теңестіріледі.

4.17. Клиент жоғалған/ұрланған немесе басқа жолмен жойылған Картаны бұғаттау туралы және/немесе Kaspi.kz мобильді қосымшасы орнатылған құрылғыны жоғалтқан кезде немесе оған және/немесе Kaspi.kz мобильді қосымшасына кіру, оның ішінде оларға үшінші тұлғалардың кіруі үшін кодты, парольдің ашқан кезде Kaspi.kz мобильді қосымшасын бұғаттау туралы талабымен Kaspi-ге хабарласқанға дейін жүргізілген Операцияларды Клиент жеке өзі жүргізген болып саналады.

4.18. Клиент қажетті құжаттарды бергеннен кейін немесе Шартта көзделген әрекеттерді жасағаннан кейін шоттар ашылып, Карта шығарылады.

4.19. Kaspi төмендегі талаптарды ескере отырып, Клиентке Картаны шығарады:

1) Карта, оның ішінде қосымша карта Клиенттің жеке өзіне немесе поштамен тапсырысты хат жолдау арқылы немесе курьер арқылы немесе Картаны электрондық түрде шығарған/қайта шығарған жағдайда, Байланыс арналарының бірі, оның ішінде Жеке кабинет, мобильді қосымша, Телефон нөміріне СМС-хабар жіберу арқылы Клиентке Картаның деректемелерін хабарлау арқылы беріледі;

2) ДСН-код Клиент Kaspi-дің Call Center қызметіне хабарласқан кезде немесе Kaspi-дің қалауы бойынша басқа да Байланыс арнасы арқылы Клиентке хабарланады;

3) Шартқа сай шығарылған барлық Карта Kaspi-дің меншігі болып табылады және оларды Клиент Kaspi-дің бірінші талап етуімен қайтаруға тиіс;

4) өзінің атына шығарылған адам ғана Картаны Операция жүргізу үшін пайдалана алады. Бұл ретте Картаны пайдалануға және Операцияларды жүргізуге қатысты Шартта белгіленген барлық талап Қосымша картаны ұстаушыға қолданылады;

5) қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты Карта Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірімен Картаның деректемелерін Ұстаушыға беру арқылы электрондық түрде автоматты түрде қайта шығарылуы мүмкін. Қайта шығару Картаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе кейін кез келген кезеңде жүзеге асырылуы мүмкін.

4.20. Клиенттің Картаны пайдаланып, шығыс Операцияларын жүргізуді бастауы үшін, Карта іске қосылмаған жағдайда, Клиент алынған Картаны Іске қосу үшін мынадай тәсілдердің бірімен:

- 1) Клиент жеке өзі барған кезде (Клиент жеке басын куәландыратын құжатты берген кезде);
- 2) Call Center телефоны бойынша, Клиент мұндай қоңырауларды Телефон нөмірі арқылы ғана соққан кезде;
- 3) іске қосу үшін көзделген басқа да Байланыс арнасы арқылы Kaspi-ге хабарласады.

4.21. Шарт жасасу арқылы Клиент:

- 1) үшінші тараптың ақы төлеуге Картаны қабылдауын талап етуге;
- 2) техникалық ақаулар туындаған кезде (байланыс желілерінің немесе жұмыс істеуі Kaspi-ге байланысты емес коммуникациялық жабдықтың істен шығуы) немесе үшінші тұлғаның Операция жүргізуден бас тартуына (оның ішінде басқа банктердің операция жүргізуден бас тартуы немесе Картамен жүргізілетін операциялар бойынша шектеулер енгізуіне) байланысты себеппен Операциялардың жүргізілуін қамтамасыз етуге);
- 3) Картаның/Карталардың Ұстаушысы/Ұстаушылары болған елдің валюталық немесе өзге нормативтік шектеулеріне әсер етуге;
- 4) үшінші тұлғалардың қандай да бір деңгейде Картаның/Карталардың Ұстаушысының/Ұстаушыларының мүдделерін қамтыған әрекеттеріне әсер етуге Kaspi-дің мүмкіндігі жоқ екенін мойындап, онымен келіседі.

4.22. Картаға қызмет көрсеткені үшін комиссия Тарифтерге және/немесе Дербес талаптарға сай төленеді.

## 5. Банктік шоттарды ашу және жүргізу талаптары

5.1. Kaspi – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-тың қатысушысы және 31.10.2008 жылғы № 011 куәліктің негізінде әрекет етеді. Мәжбүрлеп таратылған жағдайда, Kaspi-дің Клиенттің шоттарынан ақша қалдығын қайтару міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылады.

5.2. Шарт жасалған сәтте Шот болған кезде мұндай шотқа қызмет көрсету бойынша Тараптардың арасындағы қарым-қатынас Шартпен реттелуі мүмкін.

5.3. Kaspi Байланыс арнасы арқылы алған Клиенттің өтініші бойынша ЭБҚК ережелерінде көзделген жағдайларда, ондағы тәртіппен және талаптарда Клиентке қашықтан банктік шоттарын ашу бойынша электрондық банктік қызметтерді көрсетеді.

5.4. Клиент Шотты кәсіпкерлік қызметті жүргізу мақсатында пайдалануға құқылы.

5.5. Осы Шарттың аясында төмендегі банктік шоттар:

- 1) Картаға қызмет көрсету шоты;
- 2) банктік қызмет көрсету шоты ашылуы мүмкін.

5.6. Клиенттің ақшасын есепке алу мақсатында әр шотқа Байланыс арнасы арқылы Клиентке хабарланатын жеке сәйкестендіру коды беріледі.

5.7. Шоттар Клиент өз Өтінішінде немесе Шартта көрсеткен валюталарда ашылады.

5.8. Шоттарды жүргізудің негізгі талаптары:

- 1) Шоттар Клиентке Шарт жасалған күні ашылады;
- 2) Шоттың жеке сәйкестендіру коды Байланыс арнасы арқылы хабарланады;
- 3) Шот қазақстандық теңгеде ашылады және жүргізіледі;
- 4) Картаға қызмет көрсету шотындағы ақша Картамен жүргізілетін, оған қоса, бірақ шектелмей: сауда/сервис кәсіпорындарында тауарлардың құнын/қызмет ақысын төлеу, POS-терминал, Импринтер арқылы жүргізілетін операциялар бойынша есеп айырысу үшін, сондай-ақ қолма-қол ақша алу үшін пайдаланылуы мүмкін;
- 5) Шоттар бойынша ақша аударуға және оны есептен шығаруға байланысты қызмет ақысы Операция жүргізілген сәттегі Тарифтерге сай төленеді.

5.9. Kaspi Клиенттің Жеке кабинетінде көрсету арқылы Клиентке Шот-көшірмені ай сайын жолдайды. Шот-көшірменің ақпараттық сипаты бар және онда Шотта көрсетілген Операциялар туралы, төлем карточкасының деректемелері, есептік кезеңдегі бірінші және соңғы күн туралы ақпарат; төлем карточкасын пайдаланып жасалған әр төлемнің сомасы мен жасалған күні; төлем карточкасын пайдаланып төлем жасағаны үшін Клиенттен ұсталған комиссиялық төлем мөлшері және шарттарға және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ақпарат, сондай-ақ Kaspi Клиенттің назарына жеткізілуі тиіс деп санайтын ақпарат жазылады.

5.10. Клиент Kaspi-дің басқа ұйымдардан ақша түсу мерзімдерін бақылауға немесе реттеуге не болмаса ақша аударғаны үшін алынатын комиссиялардың мөлшерлеріне әсер етуге мүмкіндігі жоқ екенімен келіседі.

5.11. Клиенттің пайдасына қолма-қол ақшасыз төлеммен түскен ақша тиісті түрде ресімделген төлем құжаттарының негізінде аударылады.

5.12. Клиент шоттарды қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен ақша салу арқылы толтырады. Kaspi қолма-қол ақшамен кассада немесе Терминалда шоттарды толтыру операциясы бойынша және Kaspi эмитенті болып табылмайтын төлем картасы арқылы Шотты толтыру бойынша қолма-қол ақшасыз аударымдар жасаған кезде шектеулер белгілеуге құқылы.

5.13. Клиент ақшаны басқа банктерден, несиелік ұйымдардан немесе пошта байланысы бөлімшелерінен қолма-қол ақшасыз тәртіппен аударған жағдайда, Kaspi-дің кінәсі болмай бұл ақшаның шоттарға түсуінің кешіктірілуі мүмкіндігіне байланысты қауіптерді Клиент көтереді.

5.14. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, үшінші тұлғалардың Шоттарға ақша салуына жол беріледі.

## 6. Тараптардың міндеттері

6.1. Kaspi:

- 1) Клиент Өтініш берген сәттен бастап 30 (отыз) банк күні ішінде Картаны дайындап, оны немесе оның деректемелерін (электрондық түрде шығарылған кезде) беруге;
- 2) Авторландыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- 3) барлық қажетті төлем құжатын алған сәттен бастап заңнамада белгіленген мерзімдерде Клиенттің банктік шоттарына ақша аударуға;
- 4) Клиентке Kaspi-дің қалауы бойынша Байланыс арнасы арқылы электрондық тәсілмен немесе Kaspi-дің бөлімшесінде Тарифтерге сай Шот-көшірмені беруге;
- 5) Клиентке Картаны пайдалану ережесіндегі және Тарифтердегі барлық өзгеріс туралы Kaspi-дің қалауы бойынша мынадай бір немесе бірнеше әдіспен: Клиент Kaspi-дің бөлімшесіне келген кезде жеке өзіне, мұндай өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын, одан кешіктірмей Байланыс арнасы арқылы, Kaspi-дің операциялық залдарына хабарландырулар ілу арқылы, сондай-ақ Сайттарда жариялау арқылы хабарлауға міндеттенеді.

## 6.2. Клиент:

- 1) қолданыстағы Тарифтерге сай Kaspi-дің барлық қызметінің ақысын төлеуге;
- 2) Шот бойынша операцияларды жүргізгені үшін, егер олар жүргізілгенге дейін Kaspi-ге Картаны бұғаттау немесе оның күшін жою туралы өтініш жолданбаса, даусыз тәртіппен есеп айырысуға;
- 3) өтініште көрсетілген тұрғылықты жерінің мекенжайының, жұмысы мен үйінің телефон нөмірлерінің және басқа да деректерінің өзгеруіне байланысты барлық жағдай туралы Kaspi-ге осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде хабарлауға;
- 4) шарттың құпия болып табылатын талаптарын ашпауға, сондай-ақ тұратын мекенжайының, ұялы телефон нөмірінің, Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттарының өзгерген, Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттары жоғалған барлық жағдай туралы Kaspi-ге міндетті түрде дереу хабарлауға;
- 5) ДСН-кодты, ДСЖК, Жеке кабинетке кіретін логин мен парольді, сондай-ақ Кіру кодтарын Kaspi-дің қызметкерлерін қосқанда, ешқандай үшінші тұлғаларға хабарламауға;
- 6) Техникалық овердрафтты уақтылы өтеуге және Техникалық овердрафтқа (ол бар болса) жол берген жағдайда есептелген комиссияны төлеуге;
- 7) Картаның сақталуын қамтамасыз етуге және оны үшінші тұлғаларға бермеуге;
- 8) Kaspi-ге Картаны алып қоюға, бұғаттауға, Стоп-параққа енгізуге байланысты барлық шығысты, егер Kaspi Клиенттің кінәсінен осындай әрекеттерді қолданса, даусыз орындалатын тәртіппен өтеуге;
- 9) Клиентке тиесілі емес ақша Клиенттің шотына қате аударылған жағдайда, бұл туралы Kaspi-ге дереу хабарлауға және Шот-көшірмені алған сәттен бастап немесе Kaspi-тен тиісті хабарламаны алған сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде шотқа қате аударылған ақшаны Kaspi-ге қайтаруға;
- 10) Kaspi-ден Байланыс арнасы арқылы Шартты бұзу туралы хабарлама алған кезде, Картаны/Карталарды пайдалануды дереу тоқтатуға;
- 11) Шотта Картаны пайдаланып төлем жасалған кезде жазылған төлем құжатын орындауға қажетті ақша сомасының болуын қамтамасыз етуге;
- 12) Клиенттің кінәсінен немесе Картаны бұғаттауға байланысты Kaspi-дің шеккен шығысы мен сот шығысыларын даусыз тәртіппен өтеуге;
- 13) Картаны пайдаланғаны үшін Kaspi-дің алдында толық қаржылық жауапкершілік атқаруға және бақылауға;
- 14) шоттар бойынша операциялар жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 15) Kaspi-дің талап етуімен Картаны пайдаланып жасалған валюта төлемдері бойынша растайтын құжаттарды Kaspi-дің тиісті талабын алған күннен бастап 3 (үш) банк күні ішінде беруге;
- 16) Картаның ұрланғаны, жоғалғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы Kaspi-ге дереу хабарлауға;
- 17) Клиент Картаны алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерде пайдаланған жағдайда, Клиент Картаны алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерде пайдалануын тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде Картаны қайта шығару үшін Kaspi-ге өтініш білдіруге және қайта шығарылған сәтте қолданыста болатын Тарифтерге сәйкес Картаны қайта шығару ақысын төлеуге міндеттенеді. Аталған талаптарды сақтамаған жағдайда және осыған байланысты осы Карта бойынша алаяқтық Операциялар туындағанда, Клиент Kaspi-дің барлық шығысын, сондай-ақ Kaspi-ге келтірілген залалды даусыз тәртіппен өтеуге тиіс. Осы Шарттың мақсаттары үшін алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерге Сайттарда немесе ХТЖ сайттарында аталған елдер жатады;
- 18) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Kaspi-дің талаптарына сәйкес банктік шоттарды ашуға және Клиентті сәйкестендіруге қажетті құжаттарды беруге;
- 19) ЭБҚК ережесіне сәйкес Логин ретінде Телефон нөмірін пайдалану арқылы Клиентке ашылған Жеке кабинетке қолжетімділік алу үшін [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz) сайтында қажетті әрекеттерді жасауға;
- 20) Kaspi-ден ақпарат, оның ішінде Шот-көшірме жөнінде, электрондық түрде шығарған/қайта шығарған Картаның деректемелері туралы, ұсынылған Дербес талаптар, өзгерістер немесе жақсартулар туралы ақпарат алу үшін Клиенттің Жеке кабинетіне (тіркелу арқылы сәйкестендіріліп немесе логин мен парольді енгізіп) кіруге міндеттенеді.

## 7. Тараптардың құқықтары

### 7.1. Kaspi:

7.1.1. Kaspi пен Клиенттің арасында жасалған шарттарда көзделген тәртіппен және жағдайларда Клиенттің Kaspi-де ашылған кез келген банктік шотынан:

- 1) Операциялардың;
- 2) Тарифтерге сай қызмет үшін комиссиялардың;

- 3) осы Шарттың талаптарын және Картаны пайдалану ережесін бұзып, Картаны пайдаланудың нәтижесінде Kaspi-дің шеккен кез келген шығынының;
- 4) Клиенттің шоты бойынша оның пайдасына ақшаның қателесіп түскенін куәландыратын бухгалтерлік жазба анықталған күннен кейінгі келесі банк күнінен кешіктірмей Клиенттің шоттарына аударылған Клиентке тиесілі емес ақшасының;
- 5) Клиенттің кез келген берешегінің сомасын тікелей дебеттеу арқылы алуға;
- 7.1.2. Егер комиссия төлем тапсырмасында бөлек белгіленбесе, комиссияны шоттарға есепке жазу үшін аударылған ақшадан ұстап қалуға;
- 7.1.3. Шотқа ақша есепке жазылып қойылған жағдайда, Клиенттің ақшаны шотқа есепке жазуға нұсқауын кері қайтарудан бас тартуға;
- 7.1.4. Шотты дебеттеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткенде Операция жөнінде Клиенттің берген шағымын қарауға қабылдамауға;
- 7.1.5. Клиент Шартта және Картаны пайдалану ережесінде көзделген өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Клиенттен Картаның жоғалғаны, ұрланғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы хабарламаны алғанда, Клиенттің шоттарындағы ақшасына тыйым салынғанда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шоттар бойынша шығыс операциялары тоқтатылғанда, шоттарға қойылған орындалмаған талаптар, Kaspi-дің алдында мерзімі өткізілген берешегі болған жағдайда, кейіннен Картаны алып қою және Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзу арқылы немесе аталған әрекеттерсіз Картаны бұғаттауға, сондай-ақ берешек пен тұрақсыздық айыбын өтеуді талап етуге;
- 7.1.6. Төлем құжаттарында атауы, БСК (банктік сәйкестендіру коды), Клиенттің атауы, жеке сәйкестендіру коды, Клиенттің ЖСН, басқа да деректемелері көрсетілмеген не болмаса дұрыс көрсетілмеген жағдайда немесе цифрмен және сөзбен жазылған ақша сомасында алшақтықтар болса немесе төлем валютасы банктік шоттың валютасына сәйкес келмеген жағдайда, шот бойынша операцияларды жүргізуден (нұсқауларды акцепттеуден) бас тартуға;
- 7.1.7. Клиент Картаны алуға өтініш берген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) айдан астам Kaspi-ге келмеген немесе Өтінішке қол қойған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) айдың ішінде ДСН-кодын алмаған жағдайда, Картаның күшін жойып, Шотты жабуға;
- 7.1.8. Картаны бұғаттаған кезде немесе оның қолданылу мерзімі өткенде Картаны немесе оның деректемелерін пайдаланып, Шот бойынша шығыс және кіріс Операцияларын (қолма-қол ақшаны алу, толықтыру, қолма-қол ақшасыз тәсілмен толықтыру, тауарлар мен қызметтердің ақысын төлеу және т.б.) тоқтата тұруға;
- 7.1.9. Шарт бойынша кез келген басқа міндеттеме орындалмағанда не болмаса Kaspi үшін кері салдары болуының нақты қаупі туындаған кезде, оның ішінде Клиенттің шартты жасасқанда немесе Операцияларды жүргізгенде шынайы емес мәліметтерді беруі фактісі анықталған кезде, егер Клиент сот процесіне тартылса және/немесе Клиенттің мүлкіне және/немесе шоттарына тыйым салынса немесе өндіріп алу қолданылса (немесе орын алуының нақты қаупі бар болса), Клиенттің психикалық-неврологиялық диспансерлерге, психиатриялық клиникаларға, есірткіге немесе ішімдікке тәуелділіктен емдеу клиникаларына жатқызылуы туралы ақпаратты алған кезде, сондай-ақ, Kaspi-дің ойынша, Клиенттің Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындау мүмкіндігіне кері әсерін тигізуі мүмкін өзге жағдайларда, қызмет көрсетуді тоқтата тұруға;
- 7.1.10. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар немесе тұлғалар Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрғанда, Шоттағы ақшаға тыйым салған жағдайда, Клиентке төлемдік Операцияны Авторландырудан және/немесе оның Шотынан ақша алу операцияларын жүргізуден бас тартуға;
- 7.1.11. Клиенттен Қазақстан Республикасының валюта заңнамасына сәйкес Шот бойынша операцияларды жүргізуге қажетті құжаттарды беруін талап етуге;
- 7.1.12. Техникалық овердрафтқа жол берілген кезде осы Шот бойынша берілген барлық Картаны бұғаттауға құқылы. Картаны бұғаттау және Шотқа ақша салу қажеттігі туралы ақпаратты Kaspi Байланыс арнасы арқылы Клиенттің назарына жеткізеді;
- 7.1.13. Төлем құжатын алғанға дейін, Картаны пайдалану арқылы Авторландыру жүргізілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейінгі мерзімге Авторландыру сомасына шоттардағы ақшаны бұғаттауға;
- 7.1.14. Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес Клиенттің атына ашылған шоттардың жеке сәйкестендіру кодын біржақты тәртіппен өзгертуге, ақша қалдығын осы шоттан Клиенттің жаңа жеке сәйкестендіру нөмірі бар шотына аударуға құқылы. Шот нөмірінің аталған өзгерісі туралы Клиентке мынадай бір немесе бірнеше әдіспен: Клиент Kaspi бөлімшелеріне келген кезде Байланыс арналары арқылы Kaspi-дің операциялық залдарына хабарландырулар ілу арқылы, сондай-ақ Сайтта жариялау арқылы хабарлауға;
- 7.1.15. Мұндай өзгерістер күшіне енгенге дейін 15 (он бес) күн бұрын Сайтта жариялау арқылы Шартқа және Картаны пайдалану ережесіне біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге;
- 7.1.16. Сайтта жариялау арқылы Тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы. Өзгертілген Тарифтер Kaspi Шартқа сай осындай өзгерістер туралы хабарлаған сәттен бастап өзгертілген түрінде дереу күшіне енеді;
- 7.1.17. Kaspi-ге төлем және басқа да құжаттарды, сондай-ақ Kaspi талап еткен және/немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген, оның ішінде заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және нысандарда ақпаратты бермеген жағдайда, Шот бойынша операцияларды жүргізуден (нұсқауларды акцепттеуден) бас тартуға;
- 7.1.18. Клиент Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, Картаны пайдалануды тоқтатуға және/немесе тоқтата тұруға, сондай-ақ оны қайта қалпына келтіруден, ауыстырудан немесе жаңа Карта шығарудан бас тартуға;
- 7.1.19. Картаны үшінші тұлғаларға берген кезде Картаны алып алуға, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және

Клиенттен келтірілген барлық шығынды (шығысты) Kaspi-ге өтеуін талап етуге;

7.1.20. Клиент пен Kaspi-дің арасында жасалған кез келген шарт бойынша туындаған Kaspi-дің алдындағы Клиенттің Берешегін өтеу үшін, оның ішінде Шартта көзделген жағдайларда, Клиенттің өкімінсіз (акцептсіз тәртіппен және/немесе тікелей дебеттеу арқылы) төлем ордерін және/немесе төлем талабын пайдаланып, Шоттан және өзге де банктік шоттарынан ақшаны есептен шығаруға құқылы; Төлем талабы қойылған Клиенттің банктік шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған кезде, төлем талабы Клиенттің басқа банктік шотындағы ақшаның есебінен орындалады;

7.1.21. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес Клиенттен заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында (оған қоса, бірақ шектелмей) шот бойынша жүргізілетін банктік операцияларға қатысты кез келген ақпарат пен құжатты талап етуге;

7.1.22. Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Клиенттің шоттарын жабуға;

7.1.23. Kaspi-дің алдында Клиенттің мерзімі өткізілген берешегі болған кезде Шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтата тұруға;

7.1.24. Картаны шығару тәсілін өз қалауынша айқындауға, қайта шығаруға және қайта шығарылған сәтте Kaspi-дің Шарт бойынша өзі айналысқа шығаратын төлем карточкалары үшін қолданатын/пайдаланатын сипаттамадағы (оның ішінде түрі, функциялары, сипаты, дизайны және т.б.) Картаны Ұстаушыға беруге;

7.1.25. Клиентке өз қалауынша Байланыс арналарының біреуімен, оның ішінде Телефон нөміріне SMS-хабарлар не Push-хабарламалар жіберу арқылы хабарламалар мен ақпаратты жолдауға **құқылы**.

## 7.2. Клиенттің:

7.2.1. Клиенттің жазбаша өтінішінің негізінде айына бір рет Шот-көшірмені жазбаша түрде тегін алып тұруға құқығы бар. Клиенттің қалауы бойынша қосымша Үзінді көшірме берілген жағдайда, Үзінді көшірме Тарифтерге сай ақылы негізде беріледі. Үзінді көшірме Байланыс арналары арқылы жолданады;

7.2.2. Картаны пайдалану ережесінде және Шарттың талаптарында көзделген тәртіппен Картаны бұғаттау немесе оны бұғаттан шығару туралы талабымен Kaspi-ге өтініш білдіруге;

7.2.3. Даулы Операция (Слиппен немесе чекпен) бойынша шағымды Шотты дебеттеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде жолдауға құқығы бар. Олай болмаған жағдайда жүргізілген Операция расталған болып саналады және Kaspi кейінгі шағымдарды қабыл алмауы мүмкін;

7.2.4. Картаны тапсырғанда және Kaspi-мен барлық есеп айырысуды жүргізген кезде Шартты бұзуға бастама көтеруге;

7.2.5. Kaspi-ге жазбаша өтініш білдіру арқылы Операциялардың түрлеріне және белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қосымша карта арқылы жұмсауға қолжетімді сомаға шектеу қоюға құқығы бар.

7.3. Байланыс арналарын пайдалануымен Клиент қажетті құпиялылық режимін қамтамасыз еткенін, барлық қажетті, оның ішінде зиян келтіретін компьютерлік бағдарламадан қорғану үшін техникалық және бағдарламалық ресурстары бар екенін растайды және Шот көшірмелерді және Байланыс арналары арқылы берілетін өзге ақпаратты жіберген кезде құпия ақпараттың жария етілу қаупін өзі көтереді.

## 8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Тараптар Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

8.2. Kaspi:

1) Клиенттің операциялары бойынша банк құпиясын жариялағаны үшін жауапкершілік атқарады. Аталған операциялар жөніндегі мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және Шартта көзделген жағдайларда немесе Клиенттің келісімімен ғана үшінші тұлғаларға белгілі болуы мүмкін;

2) Шоттан дебеттелген сома, сондай-ақ осындай операция бойынша белгіленген комиссиялық сома шегінде қате жүргізілген операция үшін жауапкершілік атқарады. Бұл жағдайда Kaspi-дің жауапкершілігі қате жүргізілген операцияны жоюмен және аталған соманы қайтарумен шектеледі.

8.3. Клиент:

1) Шарттың, Картаны пайдалану ережесінің талаптарын тиісінше орындамағаны үшін Kaspi-дің шеккен және оған келтірілген шығыстар мен шығасылардың толық көлемінде;

2) жоғалған/ұрланған Картаны бұғаттау туралы Банкке уақтылы хабарламаудың салдары үшін Kaspi-дің шеккен және оған келтірілген шығынының толық көлемінде;

3) Шотқа қате аударылған ақшаны Kaspi-ке қайтармағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қате аударылған ақшаның мөлшерінде;

4) Kaspi-дің қызмет ақысын уақтылы төлеу үшін;

5) Карта бойынша операцияларды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының валюта заңнамасын және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтамағаны үшін;

6) Карта жарамсыз болып танылған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннің ішінде ХТЖ-ға және/немесе ТҚЖ-ға төлеуге берген операциялардың сомасын уақтылы өтеу үшін;

7) Клиенттің кінәсінен Kaspi-дің шеккен шығыстары мен сот шығыстарын өтеу үшін Kaspi-ге келтірілген залалдың толық көлемінде;

8) Клиенттің Картаны пайдалану ережесін және Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін келтірілген залалдың толық көлемінде жауапкершілік атқарады;

9) Клиент Картаның жоғалу, ұрлану фактісі туралы немесе оны уәкілеттік берілмеген тұлғаның пайдаланғаны



туралы хабарлағанға дейін Картаны рұқсатсыз пайдаланудың нәтижесінде Тараптардың шеккен шығынын өтеу үшін;

10) Клиент төлем құжаттарын өзі болған елдің заңнамасының талаптары бұзып ресімдеген жағдайда, Шотқа ақшаны аударуды кешіктіргені/аудармағаны үшін;

11) Операцияларды жүргізген кезде Картаны ұстаушының қате әрекеттері үшін жауапкершілік атқарады.

8.4. Шарттың талаптары тиісінше орындалмағаны үшін Kaspi заңнамада айқындалған тұрақсыздық айыбын (заңды тұрақсыздық айыбын) төлеуін талап етуге құқылы.

## 9. Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту және бұзу

9.1. Шарт оны жасасқан сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз қолданылады.

9.2. Kaspi белгілеген нысанда қағаз тасымалдаушыдағы немесе электрондық түрдегі Клиенттің қолы қойылған шотты жабу (Шартты бұзу) туралы Клиенттің өтініші алынғаннан кейін күнтізбелік қырық бес күн өткен соң немесе Клиент Байланыс арнасы арқылы шоттарды және Картаны жабу әрекеттерін жүзеге асырғаннан кейін Шарттың қолданысы тоқтатылуы мүмкін, ал Kaspi барлық мына жағдай сақталған кезде:

1) Клиент Шарттың аясында шығарылған және берілген, бұрын қайтарылмаған және жоғалды/ұрланды деп мәлімделмеген барлық Картаны қайтарғанда;

2) Клиент Шарт бойынша көрсетілген қызмет және банк қарызы шарты бойынша барлық берешекті өтегенде, егер мұндай шарт бойынша Картаға несие лимиті берілген болса, Клиенттің шотын жабуы мүмкін.

9.3. Шарт жасалған күннен бастап несие лимиті бар төлем карточкасын беру туралы шарттарға сай үлгілік ережелердің аясында Клиентке кешенді банктік қызмет көрсетуге байланысты Тараптардың қарым-қатынастары Шартпен реттеледі.

9.4. Банктік шоттарға қызмет көрсету заңнамасында аталған негіздер бойынша және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге негіздер бойынша Шарттың қолданысы тоқтатылуы мүмкін. Бұл ретте Клиентке шотты жабу және Шартты бұзу туралы хабарлама жолданбайды.

9.5. Kaspi, оның ішінде Клиент шарттың талаптарын бұзған кезде, Шартты бұзатын күнге дейін бес күн бұрын Клиентке хабарлап, Шартты бұзуға құқылы.

9.6. Шарт бұзылған кезде:

1) Шот бойынша ақша қалдығы Клиенттің қосымша тапсырмасынсыз Kaspi Gold төлем картасына ашылған Клиенттің банктік шотына, ал Kaspi Gold картасы болмаған жағдайда, Клиенттің Kaspi-дегі кез келген банктік шотына аударылады. Kaspi-де шоттар болмаған кезде ақша қалдығы Клиентке қолма-қол ақшамен беріледі немесе Клиенттен келіп түскен электрондық нысандағы немесе қағаз тасымалдаушыдағы нұсқауға сәйкес Клиенттің кез келген банктік шотына аударылады;

2) Банктік қызмет көрсеткені үшін Клиенттің төлеген ақшасы қайтарылмайды.

9.7. Шартқа сәйкес Kaspi оның ішінде біржақты тәртіппен енгізетін өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, Шарттың барлық өзгерісі мен толықтыруы жазбаша түрде жасалғанда және оған қос Тарап қол қойғанда жарамды болады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде, оның ішінде ХТЖ және/немесе ТКЖ ережелері мен жұмыс рәсімдеріне Шарт бойынша Тараптардың арасындағы құқықтық қарым-қатынастарын қамтитын өзгерістер енгізілген жағдайда, Шарттың ережелері де сәйкесінше өзгертілген немесе толықтырылған болып саналады. Шартты орындауға байланысты мәмілелер, оның ішінде Шарттың талаптарын, сауалнама деректерін және Дербес талаптарды өзгерту, жаңа мөлшерлерді енгізу немесе көбейту, Шартты орындауға байланысты комиссиялар мен өзге де төлемді алу тәртібін немесе талаптарын өзгерту, төлем жасау тәртібін, әдісін және тәсілдерін өзгерту екіжақты тәртіппен Тараптардың келісімі бойынша, оның ішінде мынадай тәсілдердің бірімен: Байланыс арналары арқылы хабарлар алмасу арқылы Kaspi көздеген тәсілмен, атап айтқанда, ДСЖК, ДСН-кодын енгізу, электрондық және өзге құжат алмасу, Жеке кабинетте немесе электрондық терминалда әрекеттер жасау арқылы өзгерістерді/толықтыруларды немесе өзгертілген құжаттарды, Тарифтерді Сайтта немесе өзге Байланыс арнасы арқылы жариялау арқылы жаңа редакциядағы өзгерістерді жолдап, өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 15 күн бұрын Шарттың өзгерістері туралы хабарлау арқылы, егер Клиент өзгерістер енгізуден олар күшіне енген күнге дейін жазбаша бас тартпаса, жасалуы мүмкін. Осы тармақта көзделген тәсілдердің бірімен жасалған мәмілелер Тараптардың келісімімен жазбаша түрде мәміле жасауға теңестіріледі.

9.8. 9.7-тармақта көзделген жағдайда, егер Клиент өзгерістер енгізумен келіспесе, Клиент оны бұзғаны үшін қосымша комиссия төлеместен, мұндай өзгерістер немесе толықтырулар енгізілетін күнге дейін Kaspi-ге жазбаша хабарлама жолдап, Шарттан бас тартуға құқылы. Операциялар жүргізу арқылы Клиент Шарттың жаңа талаптарымен келісетінін растайды.

9.9. Жаңадан енгізілген ақылы қызметтер келесі тәртіппен көрсетіледі:

1) Kaspi Шарт жасалған сәтте Шартта көзделмеген жаңа қосымша ақылы қызметтерді ұсынған жағдайда, Kaspi Сайттарда осындай жаңа қызметтерді көрсету талаптарын орналастыру арқылы Клиентке қосымша қызмет көрсетуді (қосуды) ұсыну туралы хабарламаны Байланыс арнасымен жолдайды. Клиентке қосымша қызмет көрсету (қосу) Клиент қызметті алу бойынша іс-әрекеттерді жасау, Шартта көзделген тәсілдермен ақпаратты сұрату, Байланыс арнасы арқылы қызмет көрсетуді растау сияқты жарияланған қосымша қызмет көрсету талаптарында көзделген әрекеттерді және өзге де әрекеттерді жасаған жағдайда жүзеге асырылады;

2) Жаңадан енгізілген тегін қызметтер Kaspi көрсеткен күннен бастап көрсетіледі, бұл ретте Kaspi өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен Клиентке хабарлайды.

## 10. Ерекше талаптар

10.1. Kaspi қосымша хабарлама жолдамай немесе шарттарда көзделген жағдайларда Байланыс арнасы

арқылы оны жолдап, Дербес талаптарды толық немесе бөлігін кері қайтаруға құқылы.

10.2. Сауда және сервис кәсіпорны мен Клиенттің арасындағы тауарларды беру/жұмыс/қызмет көрсету бойынша өзара қарым-қатынастар (жиынтықтау, орнату, техникалық, сервистік және кепілдік қызмет көрсету) сауда және сервис кәсіпорны мен Клиенттің арасында Kaspi-дің қатысуынсыз өз бетінше реттеледі. Kaspi барлық жағдайда тауарды жеткізу/жұмыс/қызмет көрсету шартының орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

10.3. Клиент пен сауда/сервис кәсіпорнының арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Kaspi-дің қатысуынсыз шешіледі. Төлеуге берілген Операциялар бойынша даулар туындаған жағдайда, Kaspi Клиентке кеңес береді.

10.4. Kaspi қайтарылған тауар үшін сауда және сервис кәсіпорны қайтарып берген, Карта арқылы төленген ақшаның Клиенттің Шотына аударылуын қамтамасыз етеді, бұл ретте ақшаны қайтару операциялары сауда/сервис орны ресімдеген чектің/Слиптің негізінде ақшаны Шотқа есепке жазу арқылы қолма-қол ақшасыз тәртіппен ғана жүргізіледі.

10.5. Тараптар Шарт бойынша кейбір құқықтары мен міндеттерін Шарт бойынша екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана беруге жол берілетінімен келіседі.

10.6. Тараптар Шартты орындауға байланысты олар алмасатын ақпаратты құпия деп санауға және Шарттың талаптарына сай жағдайларды және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай ақпаратты беру міндетті болып табылатын жағдайларды қоспағанда, оны екінші Тараптың жазбаша рұқсатынсыз жария етпеуге келіседі.

10.7. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

10.8. Клиент Өтінішке қол қойған жағдайда, Өтініштің күні мен Өтініштің тіркеу нөмірі сәйкесінше Шарт жасалған күн және Шарттың нөмірі болады.

10.9. Клиенттің Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Kaspi-дің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға өткізуге (беруге) құқығы жоқ.

10.10. Хат жазысу, Операциялар жүргізу және өзге де іс-әрекеттерді жасау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда электрондық цифрлық қолтаңба, ДСЖК немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау іс-әрекеттерінің элементтерін қолдану арқылы қорғалған байланыс арналары пайдаланылуы мүмкін.

10.11. Клиентте Шарттың алдыңғы реакцияларына сәйкес ашылған жинақ шоты болған кезде, Kaspi осындай жинақ шотын жабады, ал ақша қалдығын Клиенттің қосымша тапсырмасынсыз төлем ордерінің негізінде Қамсыздандыру жарнасына аударады. Kaspi-дің алдында банктік қарыз (несие) шарты бойынша берешек болмаған кезде, жинақ шотынан қалдық Клиенттің Kaspi Gold төлем картасына ашылған банктік шотына немесе Клиенттің Kaspi-дегі кез келген өзге банктік шотына аударылады.

## 11. Дауларды шешу және Клиенттің өтініштерін қарау тәртібі

11.1. Клиент Картаны пайдаланып жүргізілген нақты шығыс операциясымен келіспеген жағдайда, Шот дебеттелген күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде Клиент осындай шағымның (болған кезде) негізділігін растайтын құжаттарды қоса тіркеп, бұл туралы Kaspi-ге жазбаша түрде хабарлайды. Көрсетілген мерзім ішінде Клиенттен мұндай хабарламаны алмау Картаны пайдаланып жүргізілген шығыс операциясының дұрыстығына растама болып саналады.

11.2. Картаның рұқсатсыз пайдаланылу қаупін азайту мақсатында Kaspi даулы Операция бойынша тексеру жүргізген кезде, Картаны бұғаттауды және/немесе оны алуды қосқанда, Клиенттің мүддесінде, өз қалауы бойынша Клиенттің шығыны мен шығысының алдын алу шараларын қолдануы мүмкін.

11.3. Клиенттің шағымдарын қарау мерзімі ішінде Kaspi даулы Операция сомасына төлем мен комиссияны есептейді, Клиент оларды Шартқа және Тарифтерге сай төлеуі тиіс. Клиенттің Картаны пайдаланып жүргізілген даулы Операция бойынша шағым келтіруі Клиентті Шартқа сәйкес төлем жасау міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

11.4. Егер Kaspi Клиенттің даулы Операция жөнінде шағымдарын негізді деп таныса, Kaspi мұндай Операцияның сомасын немесе оның баламасын қайтарады.

11.5. Клиенттің даулы Операция жөніндегі өтініші бойынша жүргізілген тергеудің нәтижесінде Клиенттің шағымы негізсіз деп танылған жағдайда, Kaspi Клиенттен мұндай даулы Операция бойынша қызметтік тексеру жүргізуіне байланысты Kaspi-дің барлық шығысын нақты құны бойынша өтеуін талап етуге құқылы.

11.6. Kaspi Клиенттің өтініштерін, оның ішінде рұқсатсыз төлем жөніндегі, сондай-ақ Картаны пайдалануға байланысты өзге даулы операциялар туындаған кездегі өтініштерін осындай өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде қарайды.

11.7. Қазақстан Республикасының резиденті емес банк желісінде Картаны пайдаланып операция жүргізілген жағдайда, Клиенттің өтініштерін қарау мерзімдері мұндай өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен асу мүмкін (бірақ көп дегенде күнтізбелік 30 күнге), бұл туралы өтініш білдірушіге қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік 3 күннің ішінде жазбаша түрде хабарланады.

11.8. Kaspi негізді шағым бойынша Клиентке ақшаны ол Kaspi-ге қайтарылған кейін ғана Kaspi-дің және/немесе ХТЖ және/немесе ТКЖ нормалары мен ережелерін сақтай отырып қайтарады.

11.9. Карта бойынша рұқсатсыз төлем жасалған кезде Клиентке шығын келтірілген жағдайда, Kaspi Клиент рұқсатсыз төлем жасауда Kaspi-дің кінәсін растайтын құжаттарды берген кезде, Клиенттің тиісті жазбаша талабын алған сәттен бастап 30 күннің ішінде келтірілген залалды рұқсатсыз жасалған төлем мөлшерінде өтеуге міндеттенеді.

11.10. Тараптар даулар мен келіспеушіліктерді реттеу үшін барлық қажетті күш пен шараны қабылдайды. Kaspi пен Клиенттің арасындағы келіспеушіліктер мен даулар келіссөздер барысында реттелмесе, дау Kaspi-дің қалауы бойынша Kaspi-дің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша сотта қаралуға тиіс.

11.11. Тараптар осы Шартта көзделмеген қалған барлығында Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

\* \* \*

# Кәсіпкерлерге кешенді банктік қызмет көрсетуге қосылу шартына № 1 қосымша

## Картаны пайдалану ережесі

### 1. Карта жөнінде ақпарат

- 1) Карта Ұстаушыға Байланыс арналары арқылы электрондық түрде беріледі.
- 2) Карта мыналар үшін: сауда және сервис орындарында тауарлар мен қызмет ақысын төлеу; Kaspi мақұлдаған несиелерінің аясында несиелер алу; мұндай операцияларды жүргізуге арналған банкоматтарда, терминалдарда қолма-қол ақша алу; Интернет желісінде ақша аудару және зат сатып алу үшін пайдаланылады.
- 3) Картамен жүргізілген операциялар, Картаның деректемелері туралы ақпаратты және басқа мәліметтерді [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz)-те, Kaspi.kz мобильді қосымшасында Жеке кабинетте алуға болады.
- 4) Егер сіз Картаның жоғалғанын анықтасаңыз немесе оның заңсыз пайдаланылғаны туралы сізге белгілі болса, [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz)-те, Kaspi.kz мобильді қосымшасында Картаны бұғаттаңыз немесе 9999 телефон нөміріне (шетелден телефон соққан кезде +7 (727) 258-59-65, 258-59-89 телефон нөміріне) хабарлаңыз.
- 5) Ақшаңыздың қауіпсіздігі үшін Сіз [www.kaspi.kz](http://www.kaspi.kz)-те, Kaspi.kz мобильді қосымшасында интернеттен зат сатып алу мүмкіндігін қосуыңызға немесе өшіруіңізге және қолайлы соманы таңдауыңызға болады.
- 6) Картаның қолданылу мерзімі айдың екі цифрымен және жылдың соңғы екі цифрымен белгіленеді. Карта мерзімнің соңғы күніне дейін (қоса алғанда) жарамды. Картаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе кейін Карта кез келген кезеңде қайта шығарылуы мүмкін.
- 7) Ұстаушының шағымдары Kaspi-ге жазбаша және электрондық түрде Қолдау көрсету қызметіне жолданады. Ұстаушының өтініштерін қарау мерзімдері Шарттың талаптарында айқындалады.

### 2. Қауіпсіздіктің жалпы ережелері

- 1) Басқа тұлғаларға банк картасын, мобильді қосымшаға және Kaspi.kz мобильді қосымшасы орнатылған құрылғыға (бұдан әрі – Құрылғы) қолжетімділік, оның ішінде Құрылғыдан сим-картаны, оларға кіру кодтарын, парольдерін бермеңіз. Сим-картаны бұғаттаңыз және Құрылғыға қорғалған кіру кодын басқа адамдар оған кіре алмайтындай етіп орнатыңыз. Құрылғыны автобұғаттауды орнатыңыз және пайдаланып болған соң оны әрдайым қолмен бұғаттаңыз.
- 2) CVC/CVV-кодты, кодты, Kaspi.kz мобильді қосымшасына және Құрылғыға кіретін парольді жазбаңыз және басқа адамдарға қолжетімді жерде сақтамаңыз.
- 3) Картаға қызмет көрсету мәселелері жөнінде Kaspi-ге хабарласқан жағдайларды қоспағанда, Картаңыздың деректерін (деректемелерін) (оның ішінде картаның нөмірін, картаның қолданылу мерзімін), ДСЖК, парольді ешкімге телефон арқылы хабарламаңыз.
- 4) Дербес деректеріңізді ешкімге айтпаңыз. Сізден логин, код, пароль, Kaspi.kz мобильді қосымшасына және Құрылғыға кіретін парольді, жеке басыңызды куәландыратын құжаттың нөмірін, банктік картаның нөмірін және оның CVC/CVV-кодын, банктік карта бойынша соңғы операциялар туралы ақпаратты немесе Kaspi.kz мобильді қосымшасындағы СМС немесе Push-хабарлама кодын немесе басқа құпия ақпаратты сұратқан кез келген компанияға, сайтқа немесе тұлғаға күмәнмен қараңыз.
- 5) Картаны, Құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз, мысалы, тауар немесе қызмет ақысын төлеген кезде, басқа адамдарға бермеңіз. Операция жүргізгеннен кейін оның Сізге тиесілі екеніне көз жеткізіп, картаңызды/Құрылғыңызды алуды ұмытпаңыз.
- 6) Сенімсіз сауда және сервис ұйымдарында, оның ішінде Интернет-дүкендерде төлем карталарын пайдаланбаңыз. Интернет желісінде зат сатып алған кезде тексеруден өткен, сенімділігіне өзіңіз көз жеткізген интернет дүкендерді пайдалануға тырысыңыз.

### 3. Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Картаға қатысты барлық мәселе жөнінде «Kaspi Bank» АҚ Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне тәулік бойы +7 (727) 258-59-65, 258-59-89, (ұялы телефоннан) 9999 телефон нөмірлері арқылы хабарласыңыз. Аймақтық Клиенттер көп арналы 8-800-080-1881 нөміріне хабарласа алады.

\* \* \*